

Ес және сана-сезімнің  
бұзылыстары.

**Ес** - ДЕГЕНІМІЗ АҚПАРАТТЫ ЖИНАҚТАУ,  
САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЖЕТ ЖАҒДАЙДА ЖИНАЛҒАН  
ДАҒДЫЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ.



# ЕСТИҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ:

Фиксация

Ретенция


Репродукция

Ұмыту



## **ЕСТИҢ БҰЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ:**

Сандық  
(дисмнезия)



Сапалық  
(парамнезия)



## Дисмнезия

Гипермнезия-науқас адамның есіне өткен оқиғалар ретсіз, ұсақ-түйектеріне дейін түсіп, ойлау процесіне, жаңа информациины қабылдаудың кедегі келтіреді. Жиі маниакальді синдромда, кейде психотропты заттарды қолданғанда кездеседі.

Гипомнезия-Естің барлық функцияларының, әсіресе бекітудің әлсіреуі. Науқас адам жаңа атаулар мен мерзімдерді, болған оқиғаларды есіне сақтай алмай қиналады. Жиі себебі болып мидың органикалық аурулары, әсіресе атеросклероз табылады. Бірақ психиканың функционалды бұзылыстары кезінде де (астениялық синдром, шаршau) болуы мүмкін.

Амнезия-естегі  
информа-  
цияның  
жоғалуы

# Амнезия

Ретроградты

Бекіту

Антроградты

Өрістеуші

Конградты

Ретро-  
антероградты

## РЕТРОГРАДТЫ АМНЕЗИЯ

- Ауру пайда болғанға дейінгі немесе жаракатқа дейінгі оқиғалардың естен шығуы. Жиі тікелей сананың жоғалуы немесе аурудың басталуы алдында болған оқиғалар мен деректерді еске түсіре алмайды.



## АНТЕРОГРАДТЫ АМНЕЗИЯ

- Аурудан кейінгі тікелей іле-шала болған оқиғаларды естен жоғалту. Жиі себебі болып сананың бұзылыстары (сананың бұлдыңғыр болуы) табылады. Бұл жағдайда есте бекіту функциясы тез қалпына келеді.



## Конгратды амнезия

- Бұл амнезия сананың жоғалуы кезінде пайда болады, яғни кома немесе сопор жағдайында науқас адам информацияны қабылдай алмай, естің функциялары бұзылады.



## БЕКІТУ АМНЕЗИЯСЫ

- Естің фиксациялық (бекіту) функциясының төмендеуі немесе жоғалуы. Науқас адам жаңа ғана естіген, көрген, оқыған информацияны есте сақтай алмайды, бірақ ауру басталғанға дейін болған оқиғалардың барлығы есінде бар, профессионалдық дағдылары сақталған, бірақ жаңа ситуациаларда науқастың дезориентировкасы болады.



## ӨРІСТЕУШІ АМНЕЗИЯ

- Рибо заңына сәйкес алдымен есте сақтау қабілеті төмендейді (гипомнезия), кейін жақын арада боған оқиғалар, одан кейін бұрын өткен оқиғалар ұмытылады. Алдымен неғұрлым үйымдастырылған (ғылыми, абстракті) білімдер естен жоғалады. Ұзак уақыт бойы эмоционалды түрғыдан әсер қалдырылған (балалық, жастық шақ), автоматтанып, жаттықтырылған дағдылар есте сақталады.



## ПАРАМНЕЗИЯ

- Грекше para – жақын, осы арада + мнеме – ес, естелік.
- Жалған, қате естеліктер.



псевдореминисценция

конфабуляция

Парамнезия

криптомнезия

Эхомнезия

## ПСЕВДОРЕМИНИСЦЕНЦИЯ

- Науқас адам есінен жоғалған уақыт аралығын шын мәнінде, бірақ басқа уақытта болған оқиғалармен толтырады. Естің иллюзиясы деп те атайды.



# Конфабуляция

ЛАТЫНША CON + FABULA -ЭҢГІМЕЛЕУ, ЕРТЕГІ.

- Науқас адам есінен жоғалған уақыт аралығын шын мәнінде болмаған, өзі шығаран оқиғалармен толтырады.  
Естің галлюцинациясы деп те аталады.



# КРИПТОМНЕЗИЯ

ГРЕКШЕ KRIPTOS-ҚҰПИЯ +

МНЕМЕ-ЕСТЕЛІК

- Науқас адам кітаптан, түсінен немесе басқа адамдардан алған мәліметпен есінен жоғалған уақыт аралығын толықтырады.



# ЭХОМНЕЗИЯ (ПИКТІҢ РЕДУПЛИЦИРЛЕУШІ ПАРАМНЕЗИЯСЫ)

- Науқас адамда осы шақта болып жатқан оқиғаға ұқсас оқиға өткенде болған тәрізді сезім туады. *Déjà vu*-ға қарағанда пароксизмальді қорқыныш сезімі жоқ және өткен мен қазіргі оқиға арасында тек ұқастық сезімі бар.



**Сана-сезім** – бұл синтетикалық  
жеке тұлғаның құрылымы, қоршаған  
орта мен белгілі бір байланыста  
өзіндік ес.



- Клиникалық көз қарас бойынша сана сезім бұзылыстарына келесі жағдайлар жатады: уақытта, орналасқан жерде, қоршаған ортада және жиі өз тұлғанда бағыттау бұзылуы.
- Коршаған ортаны қыындаған немесе толық шектелген.
- Ойлау қандайда бір дәрежеде байланыссыз немесе жоғалған, қысқа есте сақтау бұзылға.
- Сана бұзылысы кезеңіне амнезия болуы мүмкін.



## **Сананың бұзылыстары.**

Сананың бұзылуы деп – дүние бейнелеуіндегі саналық ішкі байланыстары ғана емес, сондай-ақ сыртқы байланыстарының да кеселге малдығуын атаймыз.

Ясперс бойынша сананың бұзылыстары

1. дезориентровка – бағдар бұзылуы
2. ойлау бұзылыстары
3. ес қабілетінің бұзылыстары
4. абыржушылық



## Сана – сезім бұзылыстары

### Саналық

- есенгіреу
- сопор
- кома

### Сапалық

- делирий
- онейройд
- аменция

бұлыштырып

алжасуы



Терендігі бойынша бөлінеді: жеңіл дәрежелі есенгіреу, басқаша аты **обнубилиация** – сана сезім бұзылысының теренірек дәрежесі егер әлсіз тітіркендіргіштер назар аудартпаса және тек интенсивтelenеді қабылданса – **сомноленция** - ең айқын есенгіреу дәрежесі – нағыз есенгіреу.



**Есенгіреу** – сыртқы тітіргендіргіштердің шұғыл жойылуынан, ассоциация түзілісінің қыын, баяу жүруінен байқалады. Бұл жағдайда, қабылдау мен әсерлерді өндеу қыындайды, сыртқы дүние құбылыстары зейінді аудармайды, аңғарылмайды. Түсінік жұтаң, тапшы болады. Ұйқы кезінде түс көрмейді. Абыржу, галлюцинация, сандырақ болмайды. Есенгіреудің жеңіл дәрежесін сананың обнубилиясы деп атайды;



- **Сопор** жағдайы – науқаспен байланыс орната алмайтын, есенгіреудің терен дәрежесі. Бұл кезде науқастар күшті тітіркендіргіштерге төмен дифференцирленген және өте қысқа уақытты реакция байқатады. Ауырсыну сезімі, коньюктивальді және қараышық рефлекстері сақталған.
- **Кома** жағдайы – сыртқы тітіркендіргіштерге реакцияның толық болмауымен сипатталады. Ауырсыну сезімі жоғалады. Қараышық, коньюктивальді және корнеальді рефлекстер шақырылмайды. Патологиялық рефлекстер пайда болады.

Делирий қоршаған ортада теріс бағыт әсерінде айқын, әсіресе көру сандырағы және галлюцинациялар, бірақ өз тұлғасында бағыт алу өзгермейді. Науқастың эмоциональдық жағдайы және әрекеті галлюцинациялық уайымдау сипатына байланысты. Делирии ұзақтығы бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін, өткенді еске алу үзілмелі, көбінесе ауыртпалық тудыратын күйзелістер есте қалады. Олардың негізінде резидуальді сандырақ қалыптасады.



## ДЕЛИРИЙ

- Жоғарыда аталғандардың барлығын 4 кезенге бөлуге болады (Либермейстер), яғни делирий біртіндеп дамиды:
  - - көбінесе кешкі уақытта басталады, науқас қозып, көп сөйлеп (тіпті кейде байланыссыздыққа дейін), қымылдайды, мимикасы жоғарылайды. Сахна тәрізді еске түсулер болады. Гиперестезия. Көніл-күй деңгейі тұрақсыз. Тітіркенгіштік пен қырсықтық пайда болады. Ұйқысыздық, көптеген қорқынышты түстер. Қорқыныш пен үрей. Таңертен әлсіздік пен ұйқышылдық.
  - - жоғарыда аталғандардың барлығы да күшнейеді және олардың көрінісіне иллюзиялар қосылады. Тұрақсыз сипатта жергілікті және уақыттық бағдар бұзылады. Көптеген гипногогикалық елстер пайда болады. Симптоматика тұрақсыз болғандықтан, қысқа уақыттық «люцидті терезелер» пайда болады.



## ДЕЛИРИЙ

- – парейдоляялар елестерге ауысады, көбінесе сахна тәрізді елестер. Аффективтік садырақ мазмұнына байланысты өзгеріп отырады. Жалған бағдар бірақ, өзіндік «мен» сақталады.
- – негізгі аурудың қолайсыз дамуында (соматикалық, инфекциялық, интоксикациялық) делирийдің ауыр түрі дамуы мүмкін – кәсіптік және мусситтерленген. Кәсіптік делирий – науқастың кәсібін көрсететін, қымыл-қозғалыстық қозумен көрінісін береді. Мусситтерленген делирий (делирий сыбырлаумен, «тыныш сандырак») – төсекпен шектеледі және біртекті (корфология симптомы), координациялық емес қозумен көрінісін береді. Мусситтерленген делирий көбінесе кәсіптік делирийге ауысады.
- Делирий ұзактығы 1 тәулікке созылса – абортивті болып саналады, егер бірнеше аптаға созылса – пролонгирленген болып саналады.

## Делирий

Міңгіршулік

Кәсіптік

сыртқы тітіркендіргіш-

парейдолия мен

гіштерге жауап

галлюцинация

болмайды, қозу төсек

қозғалғыш күштердің

төңірегімен шектеледі.

басымдығымен.

Сөз ақырын, түсініксіз

Қозу әдеттегі кәсіптік

түрде шығады. Бұл

әрекетті орындау түрінде

делирий кейде сопор

басталады. Мысалы:

мен ессіз ұйқы күйіне

машинистка машинкада

ауысады

басып жатқандай болады



**Онейроид** – сана-сезімнің түс тәрізді бұлынғырлануы, айқын және арнаулы галлюцинациялық фантастикалық күйзеліспен сипатталады. Науқастарда ұзақ уақыт пен қоршаған ортада бағыт алуды бұзылады, өз тұлғасында еселеніп бағыт бұзылысы болуы мүмкін. Ұзактығы бірнеше аптадан бірнеше айға даейін. Болған жайттар үзілмелі түрде есте сақталады.



## ОНЕЙРОИД

- Бастапқы кезең –афективтік бұзылыстармен сипатталады. Ұзақтығы бірнеше аптадан бірнеше айларға созылуы мүмкін.
- Сандырақтық көңіл-күй кезеңі - бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін.
- Жедел қияли парафрения немесе бағдарлы онейроид кезеңі - бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін.
- Шынайы онейроид кезеңі – қияли сандырақ қосылады.



# ДЕЛИРИЙ МЕН ОНЕЙРОИДТЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ МІНЕЗДЕМЕСІ

## □ Клиникалық белгілері

□ Этиология

□ Ұзақтығы

□

□ Ағымы

□ Тәулік уақыты

□ Галлюцинациялар

□ Тақырыбы

□

□

□

□

□

Делирий

Экзогенді

Сағаттар-

күндер

Толқынды

Тұнгі

Шынайы

Микро-, макро-,

зоопсиялар,

кәсіби және тұрмыс

елестер

Онейроид

Эндогенді

Күндер-апталар

Стабильді

Бәрі бір

Жалған

Қиял

ғажайыптылық,

мегаломаниялық



## **ДЕЛИРИЙ МЕН ОНЕЙРОИДТЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ МІНЕЗДЕМЕСІ**

- |                              |                          |               |
|------------------------------|--------------------------|---------------|
| □ Ортаға бағдары<br>өзгерген | Өзгерген, өз-өзіне дұрыс | Толық         |
| □ Уақытқа бағдары<br>болашақ | Кәзіргі заман            | Бұрынғы,      |
| □ Өзіндік сана<br>тысу,      | Сақталынған              | Басқа кейіпке |
| □ бағдарлану                 |                          | қос           |
| □                            |                          |               |
| □ Жүріс-тұрысы<br>ступор     | Психикалық               | Кататониялық  |
| □                            | бұзылыстарға             |               |
| □                            | сәйкес                   |               |



**Аменция** (шатасу) – сана-сезімнің терең бұзылысы, жағдайды толық түрде түсіне алмау, өз тұлғасы мен қоршаған ортада бағыт алуудың бұзылысы. Ұзақтығы бірнеше аптадан бірнеше айға дейін аменциялы синдром этиологиялық факторға байланысты аздаған вариабельділігімен және арнаулы көріністермен ерекшеленеді.



## **САНАНЫҢ БҰЛЫНҒЫР АЛЖАСУЫ**

- Бұл психозға кенеттен басталу, салыстырмалы қысқа мерзімділік (оншакты минуттан бірнеше сағатқа дейін), жылдам аяқталуы және сананың алжасу уақытының толық амнезияға ұшырауы тән.
- **Амбулаторлық автоматизмдер**
- Науқастар автоматтық қозғалыстар жасайды (жүреді, үй жиғазын қозғалтады, киімін қалыпқа келтіреді).
- **Сомнамбулизм**
- **Транс**
- **Фуга**



- **Бұлыңғыр** жағдай пароксизмальді ағыммен сипатталады: кенеттен басталады, критикалық соны және уайымдаудың толық амнезиясы болады. Сана сезім шектелген уайымдармен тарылады, қоршаған ортадан бөлек құбылыстар басқаша байқалады. Аффективті қүйзеліс кезінде қауіпті немесе түсініксіз іс-әрекеттер жасалынады. Бұл құбылыс өзгерген сана сезімде, қауіпі галлюцинация түрінде көрінеді.
- Экзогенді реакция типінде көрінеді – инфекциялық, интоксикациялық психоздың жедел түрінде, немесе эпилептикалық ұстаманың эквиваленті түрінде көрінеді.